

«Менің жерім – менің елім» республикалық жас суретшілер байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Менің жерім – менің елім» республикалық жас суретшілер байқауын (бұдан әрі – Байқау) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: балалардың көркем шығармашылығын қолдау және насихаттау.

3. Байқаудың міндеттері:

1) ойлауды, қиялды, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал ету;
2) білім алушылар арасында бейнелеу өнері саласындағы жас таланттарды анықтау;

3) өскелең ұрпақтың туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасы мен дәстүрлеріне деген қызығушылығын ынталандыру;

4) білім алушылардың көркемдік қабілеттерін өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы smartziyatker.kz платформасында қашықтық форматта өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Байқау **2025 жылдың 14 қараша мен 19 желтоқсан аралығында** қашықтық форматта өтеді.

7. **Өтінімдер мен төлемдерді қабылдау smartziyatker.kz сайтында 2025 жылдың 14 қараша – 5 желтоқсан аралығында жүргізіледі.**

Мерзімінен кеш жіберілген немесе талаптарға сай рәсімделмеген өтінімдер қарастырылмайды.

8. Байқауға қатысу үшін тіркеу жарнасы **1 500 (бір мың бес жүз) теңгені** құрайды.

9. Жеңімпаздардың дипломдары мен қатысушылардың сертификаттарының электрондық нұсқалары **2025 жылғы 19 желтоқсанда** платформаның жеке кабинеттерінде қолжетімді болады.

10. Ұйымдастырушы Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы.

11. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар байқау материалдарын авторды көрсете отырып, әлеуметтік желілерде жариялауға құқылы.

3. Байқау талаптары

12. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жастағы (18 жасқа дейінгі) білім алушылары мына жас санаттары бойынша қатысады:

мектепке дейінгі жас санаты: 4-5 жас;

кіші жас санаты: 6-10 жас;

орташа жас санаты: 11-13 жас;

үлкен жас санаты: 14-17 жас.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Балалық шақ әлемі» (еркін тақырып). Байқауға балалар тақырыбын көрсететін еркін тақырыптағы суреттің фотосы ұсынылады.

2. «Менің арманым». Байқауға автордың Қазақстанның болашағы туралы арманын көрсететін суреттің фотосы ұсынылады.

3. «Туған жердің табиғаты». Байқауға қатысушылар Қазақстанның табиғатын, кіші Отанның сүйікті бұрыштарын бейнелейтін суреттің фотосын ұсынады.

14. Қатысушылар шарттары:

1) Суреттер кез-келген техникада жасалуы мүмкін (тушь, май, гуашь, акварель, пастель, түрлі-түсті қарындаштар, киізден жасалған қалам, қарындаш, аралас техника).

2) **Суреттердің фотолары JPG форматында ұсынылады.** Файл өлшемі 1 Мб аспауы керек.

3) Жұмыстың төлқұжаты болуы керек (компьютерде мемлекеттік және орыс тілдерінде 12 Times New Roman шрифтімен басылған затбелгі, өлшемі 12 см x 4,5 см).

15. Байқау жұмыстарын бағалау критерийі:

- өзіндік ерекшелігі;

- жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;

- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын беру;

- жұмыстың креативті тәсілі;

- көркемдік шеберлік негіздерін меңгеру;

16. Бір қатысушы тек бір ғана номинация бойынша өтінім береді.

17. Бөгде материалдарды, интернеттен алынған жұмыстарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

Байқауға бұрын ешбір байқауларға қатыспаған және ешбір сайтта жарияланбаған жұмыстар ғана қабылданады.

4. Байқауды қорытындылау

18. Қазылар алқасы конкурстық жұмыстарды бекітілген критерийлер бойынша 10 балдық жүйемен бағалайды. Әр жұмысты қазылар алқасынан кемінде үш адам жеке-жеке бағалайды.

19. Бағалау нәтижелері бойынша қатысушының орташа балы анықталады, ол қазылар алқасы қойған барлық бағалардың арифметикалық орташа мәні ретінде есептеледі.

20. Жеңімпаздарды анықтау сараланған тәсіл қағидаты бойынша жүзеге

асырылады: жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 45–60%-ы шегінде анықталады.

21. Жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады, дипломда қатысушыны дайындаған жетекшінің аты-жөні көрсетіледі.

Жүлдеге ие болмаған қатысушыларға қатысу сертификаттары беріледі.

22. Дипломдар мен сертификаттардың электрондық нұсқалары smartziyatker.kz платформасындағы жеке кабинеттерге орналастырылады.

23. Анықтама үшін байланыс телефондары:

- Платформа бойынша техникалық сұрақтар: **8 (7172) 57-41-60, 87770616840**
- Конкурсты өткізу мәселелері бойынша: **8 (7172) 57-41-53, 8701 594 6118**